

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1093 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 1 тамыздағы N 1048. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.10. N 157 қаулысымен.

Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашқаны үшін біржолғы ақшалай сыйақылар төлеуді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Пайдалы қазбалардың кен орындарын алғаш ашушылар және оларды ашқаны үшін мемлекеттік сыйақылар беру туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 40, 438-бап ) бекітілген пайдалы қазбалардың кен орындарын алғаш ашушылар және оларды ашқаны үшін мемлекеттік сыйақылар беру туралы Ережеге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

II бөлімнің бірінші абзацындағы "өнеркәсіптік құндылығы бар" сөздерінен кейін "бұрын ақшалай сыйақылар, немесе диплом, немесе "Кен орындарын алғаш ашушылар" өңірлік белгі алған объектілерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

II бөлімнің он екінші абзацындағы:

"Жер қойнауын қорғау мен минералдық шикізат базасын ұлғайтудың республикалық қорынан аударылымдардың бір бөлігі" деген сөздер "Жер қойнауын қорғау мен минералдық шикізат базасын ұлғайтудың республикалық қоры" сөздерімен ауыстырылсын.

мынадай сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жыл сайын аталған Қордан өнеркәсіптік құндылығы бар пайдалы қазбалардың кен орындарын ашқаны үшін біржолғы мемлекеттік сыйақылар төлеуге, геологиялық барлауға бағытталған қаражат көлемінен 0,5-1,0 процент шегінде қаражат көздейді".

III бөлімнің алтыншы абзацындағы "Мемлекеттік комиссияға" деген сөздер "Ведомствоаралық комиссияға" деген сөздерімен алмастырылсын.

III бөлімнің сегізінші абзацы алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК